

Азаматтық хал актілері жазуларын өзгерту, толықтыру және түзету және жоғалған азаматтық хал актілері жазуларын қалпына келтіру ЕРЕЖЕЛЕРІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрі 1997 жылғы 11 қаңтар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 22.01.1997 жылғы тіркелді. Тіркеу N 249. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің 1999.06.29. N 51 бұйрығымен.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1175 P961175_ (әрі қарай мәтін бойынша N 1175 - Ереже) қаулысымен бекітілген азаматтық хал актілері жазуларын өзгерту, қалпына келтіру және жою тәртібі және азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарын сақтау мерзімдері туралы Ережеге сәйкес дайындалған және азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізуге және азаматтық хал актілері жазуларын қалпына келтіруге байланысты құжаттардың өту, қарау және орындау процедурасын көздейді.

I-тарау. Азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізу

1. Азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер жеткілікті негіздер болған және мүдделі тұлғалар арасында дау болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың хал актілерін жазудың аудандық және қалалық бөлімдері (бұдан әрі мәтін бойынша АХАЖ аудандық (қалалық) бөлімдері) арызы негізінде жүргізеді.

2. Азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы арыздар үлгі бойынша (N 1 қосымша) жазу жасалған өтініш берушінің тұрақты тұрған жері бойынша аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне беріледі.

Өтініш анық жазылу керек, онда үлгіде көрсетілген барлық сұрақтарға жан-жақты жауап беріледі.

2.1. Әскери училищелердің курсанттары, жоғарғы және орта арнаулы орта оқу орындарының күндізгі бөлімдерінің, сондай-ақ кәсіптік-техникалық училищелердің студенттері мен оқушылары оқу орны орналасқан жердің АХАЖ бөліміне өтініш бере алады.

2.2. Жасы 18-толмаған балаларға қатысты азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы өтініштерді ата-аналары, асырап

алушылары, қамқоршылар мен қорғаншылары, сондай-ақ тәрбиесінде жасы кәмелетке толмаған балалар бар басқа адамдар мен мекемелер береді.

Ата-анасының жазбаша келісімдерін алған жағдайларда мұндай өтініштерді жасы 16-толған, жеке басының куәлігі немесе төлқұжаты бар кәмелетке толмағандардың өздері де бере алады.

2.3. Баланың тууын тіркеу кезінде балаға ата-анасының талап-тілегі ескерілмей фамилия немесе есім берілуіне, сондай-ақ оның туу туралы акт жазуында көрсетілген есімнен басқа есімде болуына байланысты баланың фамилиясын немесе атын өзгерту туралы әке-шешесінің өтініші олар 16-жасқа жеткенше аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімдерімен қабылданады.

2.4. Заңмен белгіленген тәртіп бойынша есі ауысқандық немесе ақыл-парасаты кемдігі салдарынан іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның азаматтық хал актісі жазуына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы арыздар оның қамқоршысымен беріледі.

2.5. Өлген адамға қатысты азаматтық хал актісі жазуындағы өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы арыздар Қазақ ССР Азаматтық Кодексінің (Ерекше бөлім) 527-бабымен анықталған заң бойынша мұрагерлер тобына енетін адамдар арқылы беріледі.

2.6. Жынысын өзгертуге байланысты фамилиясын, атын және әкесінің атын түзету туралы өтініштер жынысын өзгерту туралы қорытынды жасаған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау мекемесінің орналасқан жері бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының азаматы жынысын шетел мемлекеттері денсаулық сақтау мекемелерінде өзгерткен жағдайда арыз берушінің тұрған жеріндегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне беріледі.

2.7. Шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары мен шетелде тұрақты тұратын азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімдерінде тіркеген азаматтығы жоқ адамдар азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы өтініштерін Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне береді.

Бұл жағдайда жазуға өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер консулдық мекеменің іздену хаты бойынша сәйкес актіні тіркеген жердегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі арқылы N 1175 P961175_ Ережемен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

3. Өтінішке мыналар қоса беріледі:

- ауыстыруға жататын азаматтық хал актісін тіркеу туралы куәлік;
- өзі және оның жақын туыстары жөнінде толық мағлұматтарды көрсетумен арыз берушінің өмірбаяны.

Арызға сонымен бірге - азаматтық хал актісі жазуына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізу қажеттігін растайтын өзге де құжаттар қоса беріледі.

Әскери қызметшілер сондай-ақ жазуды өзгертуге, толықтыруға және түзетуге қатысты мағлұматтармен қызмет орны бойынша әскер бөлімінің анықтамасын ұсынады.

Қажет жағдайларда аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімдері жеке және заңды тұлғалардан қосымша құжаттар талап етуі мүмкін.

4. Өтініштер мен оған қоса берілген құжаттар алпыс күн мерзімде аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімімен қаралуға жатады. Дәлелді себептер болған жағдайда көрсетілген мерзім аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімімен отыз күннен көп емес мерзімге ұзартылуы мүмкін.

5. Өтініштерді тіркеу бекітілген үлгі бойынша өтініштерді есепке алудың арнаулы журналында (N 2 қосымша) жүргізіледі.

6. Ұсынылған құжаттар мен тексерулер нәтижесі негізінде арыз берушінің тұратын жеріндегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі азаматтық хал актісі жазуындағы өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы немесе (N 3 қосымша) бұдан бас тарту жөнінде қорытынды жасайды.

6.1. Жазудағы өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы, сондай-ақ бұдан бас тарту туралы аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің қорытындысын аумақтық Әділет басқармасының бастығы немесе орын орынбасарының бекітілуіне жатады, бұл жөнінде қорытындының жоғарғы оң жақ бұрышында " Бекітілді" деп көрсетіледі.

6.2. Қорытынды N 1175 Ереженің 2-тармақ 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-тармақшаларымен көзделген жағдайларда жасалады.

6.3. Азаматтық хал актісі жазуына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер туралы аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің қорытындысы екі данада жасалады. Қорытындының бірінші данасы N 1175 Ереженің 3-тармағының 1, 2, 4, 5-тармақшаларымен көзделген жағдайларда соттың немесе жергілікті атқарушы органның тиісті шешімі, ал N 1175 Ереженің 3-тармағының 7 және 8 тармақтарымен көзделген жағдайларда баланың шешесінің, сондай-ақ басқа адамдардың өтініші тиісті жазу жүргізілген жердегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне орындау үшін жіберіледі.

Қорытындының екінші данасы мен істің материалдары сол жазу жазылған жердегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде қалады.

Өзгерту, толықтыру немесе түзету енгізілуге тиіс жазу осы аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде болған жағдайларда қорытынды бір данада жасалады.

6.4. Әр түрлі аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімдерінде жатқан бірнеше

жазуларға өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізген жағдайда қорытындының бірінші данасы хабарламамен бірге олардың біріне жіберіледі, ал басқа бөлімдерге қорытындының көшірмелері жіберіледі.

Қорытынды көшірмелері аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің мөрімен және оның меңгерушісінің қойған қолымен куәландырылуы керек.

6.5. Жазудағы өзгерту, толықтыру немесе түзету туралы аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің қорытындысы тиісті алғашқы (қалпына келтірілген) жазу жазылған жердегі АХАЖ органымен міндетті орындалуға жатады.

6.6. Жазудағы өзгертуден, толықтырудан және түзетуден бас тартқан жағдайда АХАЖ органының қорытындысында бас тарту себептері көрсетілуі керек.

Азаматтық хал актісі жазуындағы өзгертуден, толықтырудан және түзетуден бас тарту туралы қорытынды екі данада жасалады. Бірінші данасы барлық материалдармен бірге бас тарту туралы қорытынды жасаған аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде қалады, ал екіншісі-арыз берушіге тапсырылады (жіберіледі).

Жазудағы өзгертуден, толықтырудан және түзетуден бас тартқан жағдайда арыз берушіге сотқа шағым жасау тәртібі түсіндіріледі.

7. N 1175 Ереженің 2-тармағында көзделген жағдайларда өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер мына азаматтық хал актілері жазуларына енгізіледі:

7.1. Бала асырап алуға (қыз асырап алуға) (N 1175 Ереженің 1-т, 1-тармақшасы) байланысты фамилиясын, атын, әкесінің атын және туған күнін өзгерткен жағдайда - асырап алған баланың тууы туралы акт жазуына.

Егер жергілікті атқарушы органның бала асырап алу (қыз асырап алу) туралы шешімімен асырап алған баланың (асырап алған қыздың) туған күні өзгертілсе, онда туу туралы акт жазуында туған күні өзгертіледі және асырап алған баланың туу туралы актіні тіркеу күні де сәйкес өзгертіледі).

Егер баланың шешесі оның баласын бала асырап алған (қыз асырап алған) адаммен некеде тұрса және ол бала асырап алушының фамилиясында болса, онда баланың туу туралы акт жазуында шешесінің фамилиясын өзгерту жүргізіледі.

7.2. Некенің бұзылуына немесе некені жарамсыз деп тануға байланысты (N 1175 Ереженің 2-т. 3-тармақшасы) ерінің (зайыбының) фамилиясын өзгерткен жағдайда - кәмелетке толмаған балалардың туу туралы акт жазуына ата-анасының екеуінің де немесе олардың біреуінің фамилиялары өзгертіледі;

7.3. Жасы кәмелетке толмаған баланың фамилиясын өзгерткен жағдайда, ата-аналардың арасында некені тоқтатуға немесе некені жарамсыз деп тануға байланысты (N 1175 Ереженің 3-тармақшасы) кәмелетке толмаған баланың тууы туралы акт жазуында баланың фамилиясы өзгертіледі, қажет жағдайда сондай-ақ ата-аналардың біреуінің фамилиясы түзетіледі;

7.4. Әкелікті анықтауды (N 1175 Ереженің 2-т. 4-тармақшасы) тіркелген жағдайда - баланың туу туралы акт жазуына - әкесі туралы мәліметтер енгізіледі; баланың әкесінің аты өзгертіледі және ата-аналардың өтінішімен оның фамилиясы өзгертіледі.

7.5. Некеде тұрмайтын шешенің баланың туу туралы акт жазуына баланың әкесі туралы (N 1175 Ереженің 5-тармақшасы) мәліметтерді енгізу туралы өтініші түскен жағдайда - баланың тууы туралы акт жазуына баланың әкесінің атын түзету жүргізіледі;

7.6. Бала асырап алуды (қыз асырап алуды) бұзу туралы немесе жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ некені жарамсыз деп тану туралы (N 1175 Ереженің 2-т. 6-тармақшасы) сот шешімі болған жағдайда толықтырулар енгізу баланың тууы туралы акт жазуында, баланың әкесі туралы мағлұматтар болмаған жағдайда ғана жүргізіледі, егер мұндай мағлұматтар акт жазуында бар болса, бұл мағлұматтарды өзгерту N 1175 Ереженің 2-т. 5-тармақшасымен көзделген тәртіпте жүргізіледі.

7.7. Туу туралы акт жазуынан баланың әкесі немесе шешесі туралы (N 1175 Ереженің 2-т. 7-тармақшасы) мәліметтерді алып тастау туралы заңды күшіне енген соң сот шешіміне сәйкес баланың туу туралы акт жазуынан тиісті мағлұматтар, сондай-ақ қажет жағдайларда баланың фамилиясы мен әкесінің аты өзгертіледі;

7.8. Фамилиясын, атын, әкесінің атын өзгерткен жағдайда (N 1175 Ереженің 2-т. 8-тармақшасы) мына жазуларға өзгертулер енгізіледі;

Некеде тұрмайтын адамның фамилиясын өзгерткен жағдайда, - арыз берушінің тууы туралы акт жазуына;

Егер адам бұрын некеде тұрып фамилиясын өзгертуді тіркеу кезінде некесі бұзылған жағдайларда өзгертулер енгізу: 1) егер жұбайлар ажырасқаннан кейін некеге отырғанға дейінгі фамилияда қалса және өзінің тектік фамилиясын өзгертсе, тууы туралы акт жазуына және некені бұзу және некеге отыру туралы акт жазуына; 2) егер ерлі-зайыптылардың біреуі ажырасқаннан кейін екіншісінің фамилиясында не оның алдындағы некесі бойынша ерінің (зайыбының) фамилиясында қалса, - некеге отыру және некені бұзу туралы акт жазуына;

некенің бұзылуына байланысты некеге дейінгі, оның ішінде тектік фамилиясын өзгерткенде - некеге отыру және некені бұзу туралы акт жазуына;

некеде тұратын адам некеге дейінгі фамилиясын өзгерткенде - некеге отыру туралы акт жазуына ("некеге тұрғаннан кейінгі фамилиясы" деген жолға);

некеде тұратын адамның некеге дейінгі фамилиясын зайыбының фамилиясына өзгерткенде - некеге отыру туралы акт жазуына ("некеге тұрғаннан кейінгі фамилиясы" деген жолға); егер некеге дейінгі фамилия басқа фамилияға өзгертілсе (зайыбының фамилиясына емес) - туу туралы акт жазуына және некеге

отыру туралы акт жазуына ("некеге тұрғанға дейінгі және тұрғаннан кейінгі фамилия" деген жолға);

некеде тұратын адам, егер бұл адам некеге тіркелгеннен кейін алдындағы неке бойынша зайыбының фамилиясында қалса, - некеге отыру туралы акт жазуына ("некеге отырғаннан кейінгі фамилия" деген жолға);

некеде тұратын адамдарға қатысты атын немесе әкесінің атын өзгерткен жағдайда - сондай-ақ некеге отыру туралы акт жазуына, ал некесін бұзған адамдарға қатысты - сондай-ақ неке бұзу туралы акт жазуына;

7.9. Ата-аналардың фамилиясын және әкесінің атын өзгерткен жағдайда (N 1175 Ереженің 2-т. 9-тармақшасы) - жасы кәмелетке толмаған балалардың туу туралы акт жазуына балалардың фамилиясы мен әкесінің аты өзгертіледі.

Егер ата-аналардың біреуі фамилиясын өзгертсе, онда жасы кәмелетке толмаған балалардың фамилиясын өзгерту туралы мәселе ата-аналардың келісімі бойынша олардың өтініштері негізінде, ал мұндай келісім болмаған жағдайда - қамқоршылық пен қорғаншылық органымен шешіледі.

Егер ата-анасының біреуі ғана фамилиясын, атын және әкесінің атын өзгерткенде жасы кәмелетке толмаған, сондай-ақ кәмелетке толған балалардың тууы туралы акт жазуларында ата-аналары туралы мағлұматтар өзгертіледі. Егер бала асырап алушылар асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазылса, мұндай өзгертулер асырап алынған балалардың туу туралы акт жазуына, сондай-ақ ұл асырап алу (қыз асырап алу) және әкелікті анықтау туралы акт жазуына енгізіледі.

Асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазылмаған асырап алушылардың фамилиясы, аты, әкесінің аты өзгертілгенде, ұл асырап алу (қыз асырап алу) туралы акт жазуларына ғана өзгерту енгізіледі.

7.10. Заңды күшіне енген сот шешімі (N 1175 Ереженің 2-т. 10-тармақшасы) негізінде әкелікті анықтау туралы сот шешімін бұзған жағдайда баланың туу туралы акт жазуына өзгертулер енгізіледі, баланың фамилиясы (егер ол әкелікті анықтауға байланысты өзгертілген болса), сондай-ақ баланың әкесінің аты мен әкесі туралы мағлұматтар да өзгертіледі;

7.11. Егер туу туралы акт жазуында қос есім немесе әкесінің есімі қосарланып көрсетілсе (N 1175 Ереженің 12-тармақшасы) тиісті жазуға, сондай-ақ қос есім немесе әкесінің есімі қосарланып көрсетілген басқа да жазуларға өзгертулер енгізіледі.

7.12. Өтініш беруші өзінің немесе әкесінің қосарланған есімінің біреуін таңдауға құқылы, бұл жағдайда жаңа есім немесе әкесінің жаңа есімін (туу туралы акт жазуында көрсетілмеген) таңдауға болмайды. Бұл жағдайда "Қазақстан Республикасы азаматтарының фамилиясын, атын және әкесінің атын өзгерту туралы азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Ережемен

көзделген тәртіпте шешіледі;

7.13. Егер азаматтық хал актісі жазуында ата-аналардың фамилиясы, аты, әкесінің аты немесе ұлты көрсетілмесе (N 1175 Ереженің 2-т. 13-тармақшасы), өзгерту туу туралы акт жазуына, қажет жағдайда сондай-ақ бала асырап алу (қыз асырап алу) және әкелікті анықтау туралы акт жазуына енгізіледі;

7.14. Егер азаматтық хал актісі жазуында қате мәліметтер (N 1175 Ереженің 2-т. 14-тармақшасы) көрсетілсе, өзгертулер сәйкес жазуға, сондай-ақ ұқсас қате мағлұматтар көрсетілген басқа да жазуға;

7.15. Егер тууы тіркеу кезде балаға фамилия немесе есім ата-анасының тілегі ескерілмей берілсе, сондай-ақ, егер бала туу туралы (N 1175 Ереженің 2-т. 15 және 16-тармақшалары) акт жазуында көрсетілген есімнен басқа есімде болса - туу туралы акт жазуына қажет жағдайларда сондай-ақ бала асырап алу (қыз асырап алу) және әкелікті анықтау туралы акт жазуына;

7.16. Егер туу туралы акт жазуында кішірейтілген, еркелетіп қойылған немесе қысқартылған есім (N 1175 Ереженің 2-т. 17-тармақшасы) көрсетілсе - туу туралы акт жазуына, сондай-ақ осындай ұқсас толық емес есімді қамтитын басқа да жазуларға;

7.17. Егер азаматтық хал актісін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жекелеген сөздерді) (N 1175 Ереженің 18-тармақшасы) жіберілсе - осы қателер жіберілген жазуларға;

7.18. Жынысын өзгертуге байланысты (N 1175 Ереженің 2-т. 19-тармақшасы) фамилиясын, атын, әкесінің атын түзеткен жағдайда - туу туралы акт жазуына, қажет жағдайда басқа да жазуларға;

7.19. Ұлттық дәстүр бойынша (N 1175 Ереженің 20-тармақшасы) фамилиясын әкесінің немесе атасының есімінен туындайтын (әкесі жағынан сияқты, шешесі жағынан да) фамилияға өзгерткен жағдайда - туу туралы акт жазуына, қажет жағдайларда басқа да жазуларға;

7.20. Ұлтын (N 1175 Ереженің 2-т. 21-тармақшасы) өзгерткен жағдайда баланың туу туралы акт жазуына, сондай-ақ осындай ұқсас мәліметтер көрсетілген басқа да жазуларға, қажет жағдайларға сондай-ақ бала асырап алу (қыз асырап алу) және әкелікті анықтау туралы акт жазуына. Бұл жағдайда өзгертулер ішкі істер органдарының анықтамасы негізінде енгізіледі.

8. Жазуларға өзгерту, толықтыру және түзету ондағы мәліметтерді сызып тастау және жазудағы тиісті жолдарға жаңа немесе қосымша мәліметтер енгізу жолымен жүргізіледі.

Мағлұматтарды сызып тастау сызған сөздерді оқу мүмкін болған жағдайда жүргізілуі керек.

9. Азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді бастапқы (қалпына келтірілген жазу табылған жердегі

аудандық қалалық) АХАЖ бөлімі жасайды.

Енгізілген өзгертулер, толықтырулар және түзетулер туралы белгіні аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің маманы жасайды және осы бөлімнің мөрімен және оның меңгерушісінің қолымен куәландырылады. Бұл жағдайда азаматтық хал актісін тіркеу туралы жаңа куәлік беріледі, ол арыз берушіге беріледі немесе беру үшін арыз берушінің тұратын жеріндегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне жолданады.

Азаматтық хал актілері жазуларына енгізілген өзгертулер, толықтырулар және өзгертулер туралы аудандық әділет органының облыстық (Алматы қалалық) АХАЖ архивіне хабарланады.

Азаматтық хал актілері жазуының екінші данасына белгі соғылады. Белгі мәтінінде қандай өзгертулер, толықтыру немесе түзету жасалғандығы және олар енгізілгенде негізге алынған құжат атауы, оның номері, кімнің және қашан бергені туралы мәліметтер болуға тиіс.

Белгі мәтініне аумақтық Әділет органының облыстық (Алматы қалалық) АХАЖ бөлімі архивінің мөртаңбасы қойылады. (N 4 қосымша).

10. Қазақстан Республикасы аумағында тұрып жатқан және Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында азаматтық хал актілерін тіркеген шетелдік азаматтармен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер, толықтырулар және түзетулер енгізу N 1175 ереженің 9 және 10 тармақтарына сәйкес жасалады.

11. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылғанда азаматтық хал актілері жазуларына енгізілген фамилияны, есімді, әкесінің атын, туған күні мен жерін өзгерту туралы аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі 7 күн мерзім ішінде аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа хабарлайды.

II-тарау. Жоғалған азаматтық хат актілері жазуларын қалпына келтіру

12. Аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімдерінде азаматтық хал актілері жазуларының (соның ішінде қалпына келтірілген) жоғалуын жоғалған жазу болған жердегі азаматтық Әділет органы облыстық (Алматы қалалық) АХАЖ бөлімінің архиві арыз берушіге белгіленген нысан бойынша жазудың жоқ екендігі туралы хабарлама жіберу жолымен растауға тиіс (N 5 қосымша).

Арыз берушіге берілетін (жолданатын) хабарламада акт жазуының жоқ екендігі туралы мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ акт жазуын қалпына келтіру мәселесі бойынша тұратын жеріндегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне бару тәртібі түсіндіріледі.

13. Жазудың жоғалуын растайтын облыстық (қалалық) АХАЖ бөлімінің

архиві арызда көрсетілген елді мекеннің кітаптары бойынша жазудың бар не жоқтығын тексеруге міндетті, бұл жағдайда тексеру 5 жыл үшін жасалады (арызда көрсетілген жыл үшін, сондай-ақ оның алдындағы екі жыл және одан кейінгі екі жыл үшін).

Жазу болмаған жағдайда хабарлама тек арызда көрсетілген елді мекеннің азаматтық хал актілерін тіркеу кітабының бірінші даналары сақталуға тиіс аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде жазудың бар не жоқтығын тексерген соң беріледі (жолданады).

14. Азаматтық хал актілері жазуларын қалпына келтіруді бұл жазулар жоғалған аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімдері жасайды.

15. Азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру туралы өтініш өтініш берушінің тұрған жеріндегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне белгіленген үлгі бойынша (N 6 қосымша) беріледі.

Азаматтық хал актісін қалпына келтіру туралы өтініш анық жазылуы керек және үлгідегі барлық көрсетілген сұрақтарға толық жауап беріледі.

16. Азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру туралы өтініш қатысты жазу жасалған адам арқылы беріледі.

17. Әскери училищелердің курсанттары, әскери-оқу орындарының тыңдаушылары, жоғарғы оқу орындарының күндізгі бөлімдерінің студенттері, орта арнаулы оқу орындарының күндізгі бөлімдерінің сондай-ақ кәсіптік-техникалық училищелер оқушылары орны бойынша аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне арыз бере алады.

18. Шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтық хал актілері жазуларын Қазақстан Республикасының АХАЖ органдарында тіркеген азаматтығы жоқ адамдар және шетелде тұрақты тұратындар азаматтық хал актілері жазуларын қалпына келтіру туралы арыздарын Қазақстан Республикасының консулдық мекемелеріне береді.

19. 18 жасқа толмаған балалардың азаматтық хал актілері жазуларын қалпына келтіру туралы арыз олардың ата-аналары, асырап алушылар, қамқоршылары мен қорғаншылары, сондай-ақ жасы кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуге алған басқа адамдар мен мекемелер арқылы беріледі.

Жекелеген жағдайларда мұндай арыздармен аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне 16 жасқа толған кәмелетке толмағандардың өздері бере алады.

20. Психикалық ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі себебінен белгіленген тәртіпте әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамдарға қатысты азаматтық хал актілері жазуын қалпына келтіру туралы арыз олардың қамқоршылары арқылы беріледі.

21. Қамқорлық белгіленген адамдарға қатысты азаматтық хал актілері жазуын қалпына келтіру туралы арыз олардың қамқоршылары арқылы беріледі.

22. Өлген адамға қатысты азаматтық хал актілері жазуын қалпына келтіруді аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімдері азаматтық хал актісін тіркеу фактісін белгілеу туралы сот шешімі негізінде ғана жүргізіледі.

23. Арызға мыналар қоса беріледі:

- жоғалған жазба болған жердегі облыстың (Алматы қалалық) АХАЖ бөлімінің аумақтық Әділет органы архивінің азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарында жазудың жоқтығы туралы хабарламасы;

- арыз беруші мен оның жақын туыстары туралы мағлұматтар толық көрсетілген өмірбаян;

- жазбаны қалпына келтіру үшін қажет мәліметтерді дәлелдейтін құжаттар аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің меңгерушісі арқылы куәландырылған жеке бас куәлігінің, әскери билетінің көшірмелері, сондай-ақ еңбек кітапшасының, неке, некені бұзу, балаларының, аға-інілерінің, апа-қарындастарының туу туралы куәліктерінің, ал өлген адамға қатысты - аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің меңгерушісінің сияқты, нотариустың да куәландырылған өлгендік туралы куәлігінің көшірмелері;

- екі фотосурет (біреуі арыздың жоғарғы бұрышына жапсырылды және аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің мөрімен куәландырылады, екіншісі жоғалған жазуды қалпына келтіретін және жаңа куәліктің көшірмесін беретін жердегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне жіберілетін қорытындыға жапсырылады);

- туу туралы медициналық мекеменің анықтамасы, емдеу және мектепке дейінгі мекемелердің және баланың туған уақытысын растайтын басқа да оқу орындарының анықтамалары;

Әскери қызметшілер қызмет орны бойынша азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіруге қатысы бар мәліметтермен әскер бөлімінің анықтамасын ұсынады.

24. Арыз бен оған қоса берілген құжаттарды аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі мұқият зерттейді және салыстырады. Құжаттардағы дұрыстығы күмән тудыратын жазбалар мен фактілерді аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі тиісті органдарға талап ету жолымен тексереді.

Өшірілген жерлері мен ескертілмеген түзетулері бар құжаттарды аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі ерекше мұқият тексеруге тиіс, қажет жағдайларда олар сот-сараптық ұйымға (мекемеге) сарапқа жіберіледі.

25. Қоса берілген құжаттар мен тексерулер нәтижелері негізінде аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі белгіленген үлгіде азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру туралы немесе бұдан бас тарту туралы (N 6 қосымша) қорытынды жасайды.

Қорытындыда қалпына келтірілетін жазудың тиісті болғанына енгізілуге тиіс

барлық мәліметтер көрсетіледі.

26. Аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру туралы немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы қорытындысы екі данада жасалады.

27. Азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру туралы немесе одан бас тарту аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің қорытындысы осы Ереженің 6-тармағында көзделген тәртіпте аумақтық әділет органы бастығының (бастығының орынбасарының) бекітуіне жатады.

Қорытындының бірінші данасы қалпына келтірілген жазуды тіркеу үшін жоғалған жазба болған жердегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне жіберіледі. Екінші данасы оның жасалған жеріндегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде қалады.

Аудандық (қалалық) АХАЖ-дың аталған бөлімінде жазу қалпына келтірілген жағдайда қорытынды бір данада жасалады.

28. Азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіруден бас тарту туралы аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің қорытындысында бас тартудың себептері көрсетілуі керек.

Бірінші данасы барлық материалдармен бірге бас тарту туралы қорытынды шығарған аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде қалады, ал екіншісі - арыз берушіге тапсырылады (жіберіледі).

Акт жазуын қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда арыз берушіге шағым жасаудың сот тәртібі түсіндіріледі.

29. Туу туралы қалпына келтірілген акт жазуында адамның жасы егер олар бір-біріне қайшы келмесе, бар құжаттардың негізінде (куәлік, әскери билет, еңбек кітапшасы, білімі туралы құжат, арыз берушінің неке туралы, олардың балаларының туу туралы және басқа акт жазуларының көшірмелері) көрсетіледі.

Құжаттармен расталмаған азаматтардың жазбаша арыздары арыз берушінің көрсеткен жасын анықтау үшін негіз болмайды.

30. Егер ұсынылған құжаттарда айы көрсетілмей, тек қана туған жылы көрсетілсе, онда туған күн осы жылдың 1-шілдесі деп қабылданады.

30.1. Егер туған мезгіл деп жылдың бірінші жартысы белгіленсе, онда осы жылдың 1-сәуірі туған күн деп көрсетіледі, егер екінші жарты болса, онда осы жылдың 1-қазаны көрсетіледі.

30.2. Егер құжатта туған күні деп күнді көрсетпей, жылы мен айы көрсетілсе, онда туған күн деп тиісті айдың 15-күні есептеледі.

31. Арыз беруші құжаттармен өзінің туған жерін растай алмаса және жүргізілген тексеру арыз берушінің туған жерін анықтамаған ерекше жағдайларда аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі арыз берушінің тұрақты тұратын жері бойынша мерзімді өткізумен туу тіркеуін жүргізеді. Бұл жағдайда "тұрған

жері" деген бағанда арыз берушінің тұрақты жері көрсетіледі.

32. Аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі талап еткен арыз беруші ұсынған құжаттармен ата-аналар (ата-ана) туралы мәліметтер расталмаса, туу туралы акт жазуы мен туу туралы куәлікте бұл мәліметтер көрсетілмейді. Бұл жағдайда 23-бағанда арыз берушінің ата-аналары (ата-ана) туралы мәліметтердің расталмағандығы туралы белгі жасалады.

33. Азаматтық хал актісін тіркеу фактісін сот тәртібімен анықтау кезінде аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі қорытынды жасамастан сот шешімі негізінде азаматтық хал актісін жазуын тіркейді. Азаматтық хал актісін тіркеу фактісін белгілеу туралы сот шешімі жазуды қалпына келтіру және оны аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде кейін тіркеу үшін негіз болып табылады. Бұл жағдайда арыз беруші сот шешімінің көшірмесін азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру туралы арызбен бірге өзінің тұрақты тұратын жердегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне ұсынады.

34. Арыз берушінің ұсынған құжаттарында және тексеру материалдарында адамның жасы туралы мағлұматтар болмаған немесе қайшы мәліметтер болған, жағдайларда акт жазуын қалпына келтіру кезінде медициналық мекеменің оның жасын анықтауға куәландыру жүргізіледі.

16-ға дейінгі балалардың жасы ереже бойынша, туу туралы медициналық мекеменің анықтамасы негізінде белгіленеді.

Жасы туралы медициналық мекеменің қорытындысына баланың куәландыруы аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің жолдамасы бойынша жүргізілген жағдайда ғана назар аударылу керек.

35. Егер тууды тіркеу туралы арыз бала туғаннан кейін және ол 16 жасқа жеткенге дейін бір жыл ішінде келіп түссе, баланың тұрақты тұратын жеріндегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімі алғашқы жазу ретінде жалпы негіздер бойынша, бірақ реттік нөмірден соң "мерзімі кешіктірілген тіркеу" сөздерін қосып тууды тіркейді.

Бұл жағдайларда арыз беруші:

- медициналық мекеменің туу туралы;
- баланың тұратын жеріндегі баланың есепте екендігі туралы медициналық мекемеден;
- акт жазуының жоқтығы туралы аумақтық Әділет органының облыстық (Алматы қалалық) АХАЖ архивінің анықтамаларын ұсынады.

36. Тарихи Отанына оралған және Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдарға қатысты туу туралы мерзімінен кешіктірілген акт жазуын тіркеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының анықтамасы негізінде жасалады.

37. Азаматтық хал актілері жоғалған жазуларын қалпына келтіру туралы

арыздар, сондай-ақ тіркеу үшін бекітілген мерзімнен кешіктірілген тууды тіркеу туралы арыздар бекітілген үлгідегі (N 8 қосымша) арыздарды есепке алу арнайы журналында тіркеледі.

38. Қалпына келтірілген акт жазуын тіркеу жойылған жазба болған жердегі аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімімен ағымдағы тіркеу кітабында, ал туу туралы қалпына келтірілген акт жазуларын тіркеу кітабында жүргізіледі.

39. Қалпына келтірілген акт жазуларын нөмірлеу бірінші нөмірден басталады және бір жыл ішінде рет-ретімен жүргізіледі. Басқа азаматтық хал актілері тіркеу туралы қалпына келтірілген жазулар "В" әрпі және қалпына келтірілген жазудың реттік нөмірі қосылып, оның алдында тұрған жазудың

нөмірімен нөмірленеді (мысалы, N 12 в-1, N 28 в-3).

Қалпына келтірілген жазу негізінде берілетін куәліктерге белгі немесе "жазу қалпына келтірілді" деген мөр қойылады.

Берілген куәліктің сериясы мен нөмірі қалпына келтірілген жазудың екі данасында да көрсетіледі.

N 1 қосымша

(аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің атауы)

аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне

(тұрақты тұратын жері)

фамилиясы, аты, әкесінің аты

ӨТІНІШ

(арыз беруші қашан және қандай органмен жасалған жазуға

қандай өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді сұрайды)
Акт жазуына мынадай өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер
енгізуді сұраймын _____

(өзгерту, толықтыру және түзету туралы өтініштің мазмұны)

Сонымен бірге өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1. Фамилиясы.....|_____
- Аты.....|_____
- Әкесінің аты.....|_____
2. Туған күні (күні, айы, жылы).....|_____
3. Туған жері (село, аудан, қала, |
облыс, өлке, республика).....|_____
4. Ұлты.....|_____
5. Отбасылық жағдайы (ерінің(зайыбының)
фамилиясы, аты, әкесінің аты, оның |
туған күні, айы, неке |
тіркелген уақыт және орын) |
.....|_____
-|_____
6. Әскери қызметке қатысы: |
а) әскери есепте қай жерде тұрады.....|
.....|_____
- ә) әскери қызметте болған жағдайда |
қаланың аты мен әскер бөлімінің |
нөмірі.....|_____
7. Жеке басы куәлігінің нөмірі, |
кіммен және қашан берілген.....|
.....|_____
8. Балалары туралы мәліметтер |
(олардың фамилиясы, аты, әкесінің |
аты, туған күні, айы, жылы тууын |
тіркеу уақыты және орыны, арыз |
беру мерзіміне дейінгі тұрған жері)|
.....|_____
-|_____
-|_____
-|_____
9. Бұрын фамилиясын, атын, әкесінің |
атын ауыстыруды ма, егер ауыстырса,|
олардың қайсысы, қашан және қандай |
аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінде |
.....|_____
-|_____

10. Жазуға өзгертулер, толықтырулар, |
түзетулер енгізу себебі.....|_____

Арызға жазуды өзгерту, толықтыру және түзету қажеттілігін растайтын мынадай құжаттарды, сондай-ақ жасы кәмелетке толмаған балалардың тууы туралы куәліктерін қоса беремін:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____
11. _____
12. _____
13. _____
14. _____

Қылмыстық кодекстің 184-бабы бойынша жалған мәліметтер жауапкершілігі туралы ескертілді.

" _____ " _____ 199 ____ ж. Қолы _____

№ 2 қосымша

Азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер,

толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы
өтініштерді есепке алу

ЖУРНАЛЫ

N Өтініштің Арыз беру. Арыз Өтініштің мәні:				
түскен күні, шінің фа. берушінің қысқаша мазмұны:				
кіммен қа. милиясы, тұрақты арыз беруші АХАЖ-дың қандай				
былданды аты, әке. тұратын бөлімімен, қай жерде қашан				
сінің аты жері жасалған, қандай жазуға				
қандай өзгертулер, толықты.				
рулар мен түзетулер енгізуді				
сұрайды				

1	2	3	4	5

өзгертулер, толықтырулар | Материалдар қашан, |
мен түзетулер қашан, | қандай нөмірмен |
қандай жазуға енгізілген, | және қандай аудандық |
жазудың нөмірі мен жазыл. | (қалалық) АХАЖ |
ған күні | бөліміне жіберілген |

_____		_____	
6	7	_____	
_____		_____	

N 3 қосымша

"БЕКІТІЛГЕН"

Әділет басқармасының
бастығы (бастықтың орынбасары)
_____ облысының
" ____ " _____ 199 ____ ж.
мөрі _____ қолы

Азаматтық хал актісі жазуына
өзгертулер (толықтырулар мен
түзетулер) енгізу туралы
(қажеттісін көрсету)

ҚОРЫТЫНДЫ

(ауданының (қаласының) облысының)
аудандық қалалық АХАЖ бөлімімен азамат _____
(фамилиясы, аты,

әкесінің аты)

(қандай, қашан, АХАЖ-дың қандай бөлімімен

жасалған жазуға)

акт жазуына өзгертулер, толықтырулар, түзетулер енгізу туралы
арызы қаралды.

Арыз берушінің ұсынған мына құжаттары расталады:

(құжаттар аталады)

АНЫҚТАЛДЫ

(АХАЖ-дың қандай бөлімімен жасалған)

№ _____ жасалған _____
туралы акт жазуында _____

(арыз берушінің акт жазуын өзгертуді, толықтыруды, түзетуді

өтінген мағлұматтары көрсетіледі).

_____ бар.

Тексеру нәтижесінде _____
(АХАЖ бөлімімен жүргізілген тексерулер

қорытындысын көрсету)

_____ анықталды.

1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1175
қаулысымен бекітілген азаматтық
хал актілері жазуларын өзгерту,
қалпына келтіру және жою тәртібі
және азаматтық хал актілерін
тіркеу кітаптарын сақтау мерзімдері
туралы ережеге сәйкес

МЫНАДАЙ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАЛДЫ:

мұнан басқа мынадай азаматтық хал актілері жазуларына өзгертулер
енгізілуі қажет _____

(олардың нөмірлерін, жасалған

күнін, жерін және оларға қандай өзгертулер

енгізілу керектігін көрсетіп нақты жазулар аталады)

Аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің
меңгерушісі _____

ҚОЛЫ

Елтаңбалы мөр " ____ " _____ 199 ____ ж.

N 4 қосымша

_____ облысының
әділет басқармасы АХАЖ
бөлімінің архиві

(сурет)

№ 5 қосымша
Облыстың (Алматы қалалық) АХАЖ _____
(арыз берушінің
бөлімі архивінің дөңгелек мөрі _____
мекен-жайы)
Азамат _____
(фамилиясы,

аты, әкесінің аты)

ХАБАРЛАУ

_____ жылғы азамат _____
(жазудың атауы)
_____ туралы акт жазуы _____
(тексеру жүргізілген елді
_____ мекеннің атауы)
_____ облысының әділет басқармасы АХАЖ бөлімінің
архивінде жоқ.

Әділет басқармасы АХАЖ
М.О. бөлімі архивінің меңгерушісі
_____ облысы _____
(қолы)
" _ " _____ 199__ ж.

Азаматтардың есіне:

Осы хабарды алғаннан кейін азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру мәселесі бойынша Сіз өзіңіздің тұрақты тұратын жеріңіз бойынша аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне келуіңіз керек.

Қосымша түсіндіреміз:

Азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. Осы хабарлама.
2. Өзі туралы және оның жақын туыстары туралы мағлұматтарды анық көрсетумен өмірбаян.
3. Жазуды қалпына келтіру үшін қажетті мағлұматтарды растайтын құжаттар (жеке басы куәлігінің, әскери билетінің, еңбек кітапшасының, неке туралы, некеден ажырасу, балалардың, аға, апаларының тууы туралы, ата-аналары туралы мағлұматтардың, өлгендерге қатысты өлгендігі туралы куәліктің көшірмелері).
4. Екі фотосурет.
5. Туу туралы медициналық мекеменің анықтамасы, баланың туған

уақытысын растайтын емдеу және мектепке дейінгі мекемелердің, мектептердің және басқа оқу орындарының анықтамалары.

6. Әскери қызметшілер қызмет орны бойынша азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіруге қатысы бар мағлұматтармен әскер бөлімінің анықтамасын ұсынады.

№ 6 қосымша

(аудандық (қалалық) АХАЖ

бөлімінің атауы)
аудандық (қалалық) АХАЖ бөліміне

(тұрақты тұратын жері)

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

ӨТІНІШ

_____ туралы акт жазуын

_____ (арыз берушінің азаматтық хал актісі)

_____ қалпына

жазуын қай жерде қалпына келтіруді сұрайтынын көрсету)
келтіруді сұраймын.

Бұған қоса өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1. Тектік фамилиясы... _____

2. Туған күні (күні, айы, жылы)... _____

3. Туған жері (қала, елді мекен),
республика... _____

4. Ұлты _____

5. Отбасылық жағдайы (ерінің
(әйелінің) фамилиясы, аты,
әкесінің аты, оның туған
күні, айы, жылы, некені
тіркеген уақыты мен орны)... _____

..... _____

..... _____

..... _____

6. Әскери қызметке қатысы:

а) әскери есепте қай жерде тұрады _____

ә) әскери қызметте болған жағдайда
қаланың аты мен әскери бөлімінің
нөмірі _____

7. Жеке басы куәлігінің нөмірі,
кіммен және қашан берілген _____

8. Тұрған уақытысын көрсетумен,
арыз берушінің тұрған жерлері.
нің толық тізімі _____

9. Балалары туралы мәліметтер _____
(олардың фамилиясы, аты, әкесінің _____
аты, туған күні, айы, _____
жылы және жері) _____

10. Ата-анасы туралы мәліметтер: _____
Әкесі (фамилиясы, аты, әке. _____
сінің аты, туған күні, айы, _____
жылы, ұлты) _____

11. Ағалары мен аналары туралы мәлі. _____
меттер (фамилиясы, аты, әке. _____
сінің аты, туған күні, айы, _____
жылы, туған жері, ұлты) _____

..... _____
..... _____
..... _____
..... _____
..... _____
..... _____
..... _____

Азаматтық хал актісі жазуын қалпына келтіру үшін қажетті мынадай құжаттарды өтінішке қоса беремін:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____

9. _____
10. _____
11. _____
12. _____
13. _____
14. _____

Қылмыстық кодекстің 184-бабы бойынша жалған мағлұматтарға жауапкершілігі туралы ескертілді.

" _____ " _____ 199 ____ ж. Қолы _____

№ 7 қосымша

"БЕКІТІЛГЕН"

_____ облысының
Әділет басқармасының бастығы (бастықтың орынбасары)
" _____ " _____ 199 ____ ж.
_____ қолы

Туу, некеге отыру, некені бұзу, әкелікті анықтау
бала асырап алу, фамилиясын, атын, әкесінің атын
өзгерту, өлгендік туралы азаматтық хал актісі
жазуын қалпына келтіру туралы (бас тарту туралы)
(қажеттісін сызып көрсету)

ҚОРЫТЫНДЫ

_____ облысының әділет басқармасы АХАЖ бөлімімен

(жазу қашан және АХАЖ-дың қандай

_____ бөлімімен жасалған)

жасалған _____ туралы
акт жазуын қалпына келтіру туралы (бас тарту туралы)

азамат _____ өтініші қаралады.

Арыз беруші өз өтінішін растауға _____

_____ туралы акт жазуының жоқтығы туралы

_____ АХАЖ архивімен берілген
анықтаманы және мұнан басқа мына құжаттарды ұсынады: _____

(кіммен және қашан берілген, олардың нөмірлері мен

берілген күні көрсетіліп құжаттар атап көрсетіледі)

Тексеру қорытындылары бойынша арыз берушімен ұсынылған құжаттар негізінде

АНЫҚТАЛДЫ

Азамат _____

(арыз берушінің фамилиясы, аты, әкесінің аты)

тектік фамилиясы _____

(туған жері, қала, елді мекен, аудан, облыс, өлке, республика)

_____ туған

(туған күні, айы, жылы)

(арыз берушінің туған күні мен туған жерін растайтын

құжаттар атап көрсетіледі)

құжаттары мен расталатын _____

(арыз берушінің келген

_____ тұрады.

мерзімдегі тұрақты тұратын жері)

(арыз беруші келген мерзімде қайда және кім болып

_____ жұмыс істейді (оқиды).

істейді)

Арыз берушінің ата-анасы

Әкесі _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты, ұлты)

(Әкесі туралы мағлұматтарды растайтын құжаттар

_____ аталады)

құжаттармен расталады.

Шешесі _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты, ұлты)

(Шешесі туралы мағлұматтарды растайтын құжаттар

аталады)

құжаттармен расталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1175 қаулысымен бекітілген азаматтық хал актісі жазуларын өзгерту, қалпына келтіру және жою тәртібі және азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарын сақтау мерзімдері туралы.

Ережеге сәйкес мұндай қорытынды жасалады:

Азамат _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

_____ туралы акт жазуы

(арыз берушінің тұратын жеріндегі аудандық қалалық

АХАЖ бөлімін көрсету)

қалпына келтіруге (мерзімін өткізумен тіркеуге) жатады.

аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің меңгерушісі _____

қолы

Елтаңбалы мөр " ____ " _____ 19 __ ж.

N 8 қосымша

Азаматтық хал актілері жазуларын қалпына келтіру туралы және белгіленген мерзімде өткізумен туған күнін тіркеу туралы өтініштерді есепке алу

ЖУРНАЛЫ

N |Өтініштің |Арыз беру.|Арыз |Арыздың қысқаша мазмұны: |
түскен күні,	шінің фа.	берушінің	қай жерде, қашан және қандай
кіммен қа.	милиясы,	тұрақты	аудандық (қалалық) АХАЖ
былданды	аты, әке.	тұратын	бөлімінде жасалған қандай

		сінің аты		жері		жазуды қалпына келтіруді	
				сұрайды			
1		2		3		4	
						5	

Арыз берушінің | Қалпына келтірілген | қалпына келтірілген
туған күні мен | жазу қашан тіркелген | жазуды тіркеу үшін
туған жері (мер. |(мерзімін өткізумен |(мерзімін өткізумен
зімін өткізумен |туған күні) жазудың |туған күні) материалдар
туған күнін |нөмірі мен жазылған |қандай аудандық
тіркеген жағдайда)|күні |(қалалық) АХАЖ бөлімінде
| |қашан, қандай нөмірмен
| |жіберілген

6		7		8			
---	--	---	--	---	--	--	--